- **Электрондық цифрлық қолтаңба** (бұдан әрі — ЭЦҚ) — электрондық құжаттың түпнұсқа екенін, кімге тиесілі екенін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын, электрондық цифрлы қолтаңба құралдары жасаған электрондық цифрлық таңба жиынтығы. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы №370 «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңына сәйкес ЭЦҚ қол қоюшының өзі қойған қолына тең және заңды күші де бірдей.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бұл Шарт — қосылу шарты. Құқық иесі шарт талаптарын Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өз бетімен белгілейді, ал Пайдаланушы ол талаптарды Шартқа толық қосыла отырып қабылдайды (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389 бабына сәйкес).

1.2. Сонымен қатар бұл шарт — жария шарт (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387 бабына сәйкес).

1.3. Пайдаланушы Шартқа қосылу туралы электрондық өтініш үлгісіне өкілетті тұлға ЭЦҚ көмегімен қол қойып, Шарт талаптарына сөзсіз келісетінін және оған толық қосылатынын білдіреді.

1.4. Шарттың 1.3 бабына сәйкес Құқық иесі Пайдаланушының электрондық өтініш үлгісіне қол қойған кезде ұсынған ақпараты толық әрі сенімді болғанына жауап бермейді. Алайда Құқық иесі кез келген уақытта Пайдаланушыдан өтініште жазылған деректерді растауды талап етуге және растайтын құжаттарды сұрауға құқылы. Егер құжаттар ұсынылмаса, ақпарат сенімсіз деп санала алады. Егер ұсынылған құжаттардағы Пайдаланушы деректері Шартқа қосылған кезде жазылған деректерге сәйкес келмесе, Құқық иесі Пайдаланушымен жасасқан Шартты бұзуға құқылы.

1.5. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 152 бабы 2 тармағына сәйкес Тараптар Қазақстан Республикасы заңнамасы мен осы Шартқа сәйкес жасалған, ЭЦҚ көмегімен қол қойылған, оның ішінде Жеке кабинет арқылы жіберілген электрондық құжаттарды (қосылу туралы өтініш, өтінімдер, хабарландырулар, шоттар, актілер және т.б.) қол қойылған қағаз құжаттарға тең деп таниды.

1.6. Егер Пайдаланушы Бағдарламалық жасақтаманы Шарттың 1.3 тармағында айтылғандай электрондық өтініш үлгісіне қол қоймай пайдаланса (мысалы, демо-нұсқаларын пайдаланғанда немесе басқа да жағдайларда), сондай-ақ Құқық иесі ұсынған Лицензияны сатып алуға арналған төлем шотын, немесе Лицензия мерзімін ұзартуға арналған кезекті төлем шотын төлесе, ол Пайдаланушының Шарт талаптарына сөзсіз келіскенін және оған толық қосылғанын білдіреді.

1.7. Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған жағдайларда Тараптар Шартқа қосылу туралы келісім жасаса алады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасы Тараптардың біреуіне немесе екеуіне де қатысты қандай да бір қосымша шарттардың болғанын талап етсе, мұндай шарттар Шарт мәтініне қайшы келмей, Келісімге Шартқа қосылу талаптары ретінде енгізілуі мүмкін.

1.8. Шартқа қосыла отырып, Пайдаланушы Сайтта жазылған Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану шарттарын қабылдайды және Сайтта www.sector.kz/privacy мекенжайында жарияланған Құқық иесінің Құпия сақтау саясатының қолданыстағы нұсқасын және cookies файлдарын пайдалану ережелерін оқып, оларға сөзсіз келісетінін растайды.

**2. ШАРТТЫҢ МӘНІ**

2.1. Лицензиялы Бағдарламалық жасақтама «бар күйінде» ұсынылады. Пайдаланушыға пайдалану құқығы берілген Бағдарламалық жасақтаманың негізгі функционалдық ерекшеліктері белгілі. Бағдарламалық жасақтаманың Пайдаланушы қалауы мен қажетіне сәйкес болуына, сондай-ақ ұсынылған құқықтардың шарттары мен көлемінің Пайдаланушы қалауы мен қажетіне сәйкес болуына Пайдаланушы өзі жауапты.

2.2. Құқық иесі Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану және түрлі тәсілмен тарату құқығын беруге қатысты әрекеттерінің заңды екенін және үшінші тұлғалардың айрықша құқықтарын бұзбайтынын мәлімдеп, оған кепілдік береді.

2.3. Бағдарламалық жасақтамаға қатысты айрықша құқықты Қазақстан Республикасының авторлық құқық туралы заңнамасы мен басқа да нормативтік актілер қорғайды, бұл құқық Пайдаланушыға берілмейді.

**3. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

**3.1. Құқық иесінің құқықтары мен міндеттері**

3.1.1. Пайдаланушы Бағдарламалық жасақтаманы сатып алған Лицензия шеңберінде пайдалансын деп, Құқық иесі Шартқа сәйкес Лицензияны алғаш рет тіркейді (немесе мерзімін ұзартады), Пайдаланушыға оны іске қосатын құрал (HASP немесе виртуалды код) береді немесе Лицензияны Пайдаланушы логиніне байланыстырып, оны веб-сервис арқылы іске қосуға жағдай жасайды.

3.1.2. Пайдаланушы сатып алған Лицензияның көлемі мен бағасы Құқық иесінің прейскурантында жазылады және Бағдарламалық жасақтама ақысын төлеу шотында бекітіледі. Төлем шоты ұсынылған кезде қолданылатын прейскурант Сайтта price.sector.kz мекенжайында жарияланады.

3.1.3. Бағдарламалық жасақтаманың қолданыстағы конфигурациясының сипаттамасы Сайтқа жүктеледі.

3.1.4. Құқық иесі Бағдарламалық жасақтаманы жетілдіруге, оған өз қалауымен жаңа функционал қосуға және ескісін жоюға құқылы. Ондай жағдайда Құқық иесі Бағдарламалық жасақтаманың тұтынушылық қасиеттерін сақтауға немесе жақсартуға тырысады.

3.1.5. Бағдарламалық жасақтаманың жаңа нұсқалары (бұдан әрі — Жаңартулар) Құқық иесінің шешімімен Пайдаланушыға автоматты түрде жіберіледі немесе Сайтқа жүктеледі.

3.1.6. Құқық иесі Пайдаланушының Бағдарламалық жасақтама жұмысына, оны орнатуға және оған техникалық қызмет көрсетуге қатысты сұрақтарына сатып алынған Лицензиялардың жарамдық мерзімі бойы жұмыс уақытында мессенджер, электрондық пошта немесе Сайт арқылы консультация беруге міндетті.

3.1.7. Құқық иесінің мамандары Пайдаланушының өтініміне сәйкес Пайдаланушының компьютеріне қашықтан қосылып, Бағдарламалық жасақтаманы жеңіл түрде (бір адамның бір жұмыс сағатын алатындай) реттеп бере алады. Бағдарламалық жасақтаманы күрделі немесе жекеше реттеу жұмыстары қажет болған жағдайдың әрбіреуінде Құқық иесі бөлек қосымша келісім жасай отырып, Тараптар келіскен бағаға жүзеге асырады.

3.1.8. Егер Пайдаланушы Лицензия мерзімін ұзартудан бас тартса, ақылы Лицензия мерзімі аяқталған кезде Құқық иесі Пайдаланушыға Бағдарламалық жасақтаманы

Жаңарту мүмкіндігін және Бағдарламалық жасақтаманың есептеу және ақпараттық функцияларын бұғаттайды немесе шектейді.

3.1.9. Құқық иесі Бағдарламалық жасақтама жұмысындағы өзінің кесірінен туындаған барлық ақауды өз есебінен жөндеуге міндетті.

3.1.10. Құқық иесі Лицензия мерзімі бойы Бағдарламалық жасақтаманы кез келген тәсілмен рұқсатсыз пайдаланудан және көшіруден қорғауға құқылы, ал қорғаныс тәсілдері Бағдарламалық жасақтама жұмысына әсер етпеуге тиіс. Бағдарламалық жасақтама қорғаныс мақсатында Лицензияны іске қосу қызметтерімен жүйелі түрде байланысып тұруы мүмкін, оған интернет байланысы қажет.

3.1.11. Құқық иесі Сайтта Пайдаланушыға қызмет көрсету, Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану, Шарт пен прейскурантты өзгерту және Шартқа байланысты басқа да маңызды мәселелер туралы ресми хабарламалар жариялап отыруға міндетті. Пайдаланушы мұндай хабарламалардың Сайтта жарияланған кезінен бастап ескертілді деп саналады.

**3.2. Пайдаланушының құқықтары мен міндеттері**

3.2.1. Пайдаланушының міндеттері:

- Бағдарламалық жасақтаманы орнату, пайдалану және оған техникалық қызмет көрсету нұсқаулықтары мен кеңестерін орындау;
- хабарландырулар мен ресми хабарламаларды, оның ішінде Сайтта және Жеке кабинетте жазылған, сондай-ақ Құқық иесі email және мессенджер арқылы жіберген хабарландырулар мен ресми хабарламаларды қадағалап, оларға назар салып отыру.

3.2.2. Пайдаланушы Бағдарламалық жасақтама жұмысына байланысты барлық наразылығын Құқық иесіне Сайтта және Бағдарламалық жасақтама интерфейстерінде аталған арналар арқылы хабарлауға құқылы.

3.2.3. Егер іске қосу құралы Пайдаланушының кесірінен жоғалса немесе істемей қалса (механикалық зақымданса, ылғал тисе, түйіспелері зақымданса, т.б.), Пайдаланушы жаңа іске қосу құралының ақысын қолданыстағы прейскурант бағаларына сәйкес төлейді, ал Құқық иесі оны ауыстырып береді.

3.2.4. Пайдаланушы технологияны ашпауға, декомпиляцияламауға, дизассемблерлемеуге, Бағдарламалық жасақтама мен онымен байланысты дерекқорлар мен басқа да компоненттерді бұзбауға, Бағдарламалық жасақтамадағы техникалық шектеулерді айналып өтуге тырыспауға, оның бастапқы кодын зерттеп, көшіруге бағытталған әрекеттерден бас тартуға, Бағдарламалық жасақтаманың бастапқы кодын бөлшектеп немесе басқа тәсілмен шығарып алуға тырыспауға, графикалық интерфейсті және анықтама ақпаратын көшірмеуге, сонымен қатар автор құқығы объектісі және зияткерлік меншік объектісі болған ақпаратты шығарып алмауға, пайдаланбауға, таратпауға немесе басқа тәсілдермен өңдемеуге тиіс.

3.2.5. Құқық иесі айқын рұқсат бермеген жағдайда Пайдаланушы Бағдарламалық жасақтаманы таратпауға және Лицензияны үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттеледі. Тарату дегеніміз — Бағдарламалық жасақтаманың кез келген түрдегі компоненттерін үшінші тұлғаларға ашу, оның ішінде желі арқылы және басқа тәсілдермен ашу, сонымен қатар оны сатып жіберу, жалға беру, қарызға беру.

3.2.6. Бір Лицензияны Пайдаланушының бөлімшелеріндегі бір-ақ компьютерде (серверде) ғана орнатуға болады. Дегенмен ол Лицензияны Пайдаланушының бөлімшелеріндегі басқа компьютерге ауыстырып, дерекқорды резервтік көшірмеден қайта қалпына келтіруге болады. Пайдаланушы Бағдарламалық жасақтамаға басқа тұлғалардың жұмыс станцияларын қоспауға тиіс.

3.2.7. Егер Лицензия Пайдаланушының компьютеріне виртуалды код арқылы байланысқан болса, Пайдаланушы Құқық иесінен Лицензияны басқа компьютерге ауыстырсын деп сұрауға құқылы. Ауыстыру мерзімі — Құқық иесі Пайдаланушының өтінімін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні.

3.2.8. Бағдарламалық жасақтаманы ақпаратын жаңарта отырып, толық пайдалану мүмкіндігі Лицензия ақысы төленген мерзімның соңына дейін шектеледі. Лицензияның жарамдық мерзімі аяқталғаннан кейін Пайдаланушыға Бағдарламалық жасақтаманы жетілдіруге немесе басқа тәсілдермен жұмыс істеткізуге тыйым салынады.

3.2.9 Бағдарламалық жасақтама көмегімен жасалған жеке дерек базалары мен құжаттарды сақтау үшін, Пайдаланушы өз бетімен немесе Бағдарламалық жасақтама құралдары көмегімен дерек базалары мен құжаттарға резервтік көшірме жасап, оларды (көшірмелерді) өзінің бөлек сырт тасымалдағышында сақтауға міндетті.

**4. ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ**

4.1. Лицензияларды Сатып алған кезде қолданылатын бағалар Сайтта price.sector.kz мекенжайында жарияланған прейскурантта жазылады.

4.2. Пайдаланушы ауызша немесе жазбаша хабарласып, немесе Құқық иесі ұсынған үлгіге сүйеніп өтінім жазып, өзіне қажет Лицензиялардың конфигурациясы мен жарамдық мерзімін белгілейді, содан кейін Құқық иесі оған төлем шотын ұсынады.

4.3. Төлем шотында басқаша жазылмаса, Пайдаланушы Лицензиялардың ақысын Құқық иесі ұсынған төлем шотына сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде 100% алдын-ала төлейді. Пайдаланушы Лицензия мерзімін ары қарай ұзартудан алдын-ала бас тартпаса, Құқық иесі Пайдаланушыға Лицензия мерзімін ұзартуға арналған төлем шотын бұрынғы Лицензияның жарамдық мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда ұсынуға тиіс.

4.4. Ақшалай қаражат Құқық иесінің есеп шоттарына немесе кассасына түскеннен кейін, Құқық иесі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Лицензияны төленген мерзімге ұзартып, төленген мерзім бойы Жаңартып отыруға мүмкіндік береді.

4.5. Егер Пайдаланушы қандай да бір Лицензияның пайдалану мерзімін төлегенді тоқтата тұрса, онда оған тиісті Бағдарламалық жасақтаманың жұмысын қайта қалпына келтіру үшін Лицензияны қайта іске қосу ақысын және оның мерзімін ұзарту ақысын қолданыстағы прейскурант бағаларына сәйкес 100% алдын-ала төлейді.

4.6. Лицензияны жеке кабинетке жүктеп, жұмыс орнының нөмірін белгілеген күн — жұмыс орындалған (қызмет көрсетілген) күн деп саналады. Құқық иесі Пайдаланушыға Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзім ішінде Лицензияны Жеке кабинетке жүктеген күнге сәйкес орындалған жұмыс актісін/лицензия беру актісін (бұдан әрі — Акт) және электрондық шот-фактура жасайды.

4.7. Лицензияны Жеке кабинетке жүктеген күннен және/немесе Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Пайдаланушы Актіге қол қоюға немесе қол қоюдан уәжді бас тартқаны туралы құжат ұсынуға міндетті. Егер Құқық иесі осы мерзім ішінде Пайдаланушыдан қол қойылған Акт немесе қол қоюдан уәжді бас тартқаны туралы құжат алмаса, онда Тараптар Актіге қол қойды, қызмет Актіге сәйкес тиісті түрде көрсетілді және Пайдаланушы оны қабылдады деп саналады.

4.8. Құжаттарды қағаз нұсқасында да, ЭЦҚ пайдаланып, Жеке кабинет арқылы электрондық нұсқада да алмасуға болады. Құжаттарды электрондық түрде алмасқан жағдайда Пайдаланушы жаңа Акт келгені туралы хабарландыруларды электрондық пошта немесе Жеке кабинет арқылы алады. Актіге Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы №370 «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңына сәйкес мөр баспай, өкілетті тұлға ЭЦҚ-сы көмегімен қол қояды.

4.9. Шартқа сәйкес берілген Лицензиялар қайтып алынбайды, яғни алдын-ала төленген мерзім бойы жарамды болады және Тараптар қалауымен уақытша тоқтатыла алмайды.

4.10. Құқық иесі Лицензия конфигурациясын өзгертуге, прейскурантқа жаңа Лицензия қосуға немесе Лицензияны прейскуранттан жоюға, сонымен қатар Бағдарламалық жасақтаманың белгілі конфигурациясына арналған Лицензияның бағасын ұзартылған келесі жарамдық мерзіміне өзгертуге құқылы. Жаңарған прейскурант қолданысқа шыққанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Сайтта жарияланады.

**5. ТАРАПТАРДЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

5.1. Бағдарламалық жасақтаманың тиісті конфигурацияда дұрыс жұмыс істеуіне қажет болатын Пайдаланушының компьютері (сервері) мен желісіне қойылатын техникалық және бағдарламалық талаптар Сайтта жазылған.

5.2. Егер Бағдарламалық жасақтама конфигурациясының модификацияланған нұсқасын орнату үшін Пайдаланушы компьютері (сервері) немесе желісінің параметрлерін айтарлықтай жақсарту қажет болса, Құқық иесі Пайдаланушыны ол

туралы Бағдарламалық жасақтаманың жаға нұсқасы шыққанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын хабардар етуге тиіс.

5.3. Егер ақысы төленген Бағдарламалық жасақтаманы орнату және/немесе іске қосу мүмкін болмаса немесе Лицензияны Жеке кабинетке жүктегеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Пайдаланушы ондай әрекеттерден бас тартса, әрі Пайдаланушы Құқық иесінен іске қосу құралын (HASP) алған болса, онда ол құрылғыны Құқық иесіне қайтарған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Құқық иесі Пайдаланушының жазбаша өтінішіне сәйкес алдын-ала төленген соманы қайтарады.

5.4. Пайдаланушы Құқық иесіне Бағдарламалық жасақтаманың жеткізілуіне және жұмыс істеуіне байланысты уәжді наразылық білдіруге құқылы. Егер ондай наразылық Құқық иесінің кесірінен туындаса, Құқық иесі Бағдарламалық жасақтаманы 3 (үш) жұмыс күні ішінде айырбастауға немесе реттеп беруге міндетті. Егер осы тармақтың талаптары аталған мерзімде орындалмаса, Бағдарламалық жасақтама жұмысы Құқық иесінің кесірінен уақытша тоқтады деп саналады.

5.5. Егер Бағдарламалық жасақтама жұмысы Құқық иесінің кесірінен уақытша тоқтаса, онда тоқтаған кезең Пайдаланушының төлеп қойған Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану мерзіміне қосылады. Яғни Пайдаланушы бұрын төлеп қойған Лицензия мерзімі қосымша төлемсіз ұзарады.

5.6. Құқық иесі Бағдарламалық жасақтаманы пайдаланғанға немесе пайдалану мүмкін болмағанға байланысты келтірілген шығынға немесе зиянға жауап бермейді. Құқық иесінің жауапкершілігі барлық жағдайда Пайдаланушының соңғы Актідегі нақты төлеген Лицензия ақысы сомасынан аспайды (бұл, соның ішінде, Пайдаланушы Шартта белгіленген мерзімде Құқық иесінен сатып алған Бағдарламалық жасақтама конфигурациясын қабылдаудан бас тартқан жағдайға да қатысты).

5.7. Құқық иесінің веб-сервистерімен жұмыс істеген кезде, жаңарған нұсқаларды тексергенде немесе жүктеп алған кезде Сайтқа жіберілетін деректер тек қорғалған арналар арқылы берілетініне және ашық түрде жіберілмейтініне Құқық иесі кепілдік береді. Деректер құрамында Пайдаланушыны идентификациялауға, Құқық иесінің құпия сақтау саясатындағы мақсаттарды орындауға және Шарттағы міндеттерді атқаруға қажет Пайдаланушыға қатысты ақпарат болуы мүмкін.

5.8. Егер Пайдаланушы Бағдарламалық жасақтаманың ақысын төлеуді (Лицензия жарамдығын) 60 (алпыс) күнтізбелік күнге не одан астам мерзімге уақытша тоқтатса, Құқық иесі Пайдаланушының ақпаратын Бағдарламалық жасақтаманың жаңа нұсқасында толық қалпына келтіруге кепілдік бермейді, бірақ қалпына келтіруге қажет күш салады.

5.9. Құқық иесі Пайдаланушының компьютері (сервері, желісі) дұрыс жұмыс істемегендіктен Бағдарламалық жасақтама жұмысында ақау кеткенде, операциялық жүйеде ақау кеткенде, Пайдаланушының компьютерін вирус зақымдағанда, сонымен қатар Құқық иесінің сервистеріне кіруге интернет байланысы болмай қалғанда, оның ішінде Лицензияны іске қосу сервистеріне кіру мүмкін болмағанда туындаған

ақауларға жауап бермейді. Сонымен қатар егер Пайдаланушы Бағдарламалық жасақтаманың тұтастығын бұзуға әкеп соққан өрескел, біліксіз әрекет етсе (мысалы, Бағдарламалық жасақтама жұмысына қажет файлдарды немесе қосалқы бағдарлама өнімдерін жойса, анықтамалар мен дерекқордағы жазбаларды жойса немесе қате өзгертсе), бұған Құқық иесі жауап бермейді.

5.10. Пайдаланушының маманы осы Шарттың 3.1.7. тармағына сәйкес Құқық иесінің мамандарын Пайдаланушының компьютеріне қашықтан қосылу сеансын өткізу туралы өтінім жіберсе, ол өтінім Пайдаланушының өзі жіберген өтінім деп саналады: Пайдаланушы өзінің мамандарына ондай сеанс өткізуге беретін құқықтарды өзі реттеп, қашықтан кіру сеансы кезінде қажет қадағалау деңгейін өзі орнатады.

5.11. Құқық иесі Пайдаланушының компьютеріне қашықтан кіру сеансын өткізген кезде Бағдарламалық жасақтама компоненттері мен қосалқы бағдарлама өнімдерінің компоненттерімен тек Пайдаланушының мәселелерін шешуге қажет әрекеттерді ғана орындайтынына кепілдік береді. Құқық иесі:

- оның мамандары ақауларды жоюға тікелей қатысы жоқ файлдар мен бағдарламаларды ешбір тәсілмен ашуға тырыспайтынына;
- байланыс журналын сеанс өткізілген күннен бастап бір жыл бойы сақтап, оны Пайдаланушының сұранысына сәйкес аталған мерзім ішінде ұсынуға

кепілдік береді.

5.12. Құқық иесі аптасына 3 (үш) сағатқа дейін созылатын технологиялық жұмыс жүргізуге қажет регламенттік үзілістерден басқа уақытта Сайтқа жүктелген сервистердің жұмысын 24/7 режимінде қамтамасыз етеді, бірақ Бағдарламалық жасақтама мен сервистердің жұмысы абсолют тұрақты және қатесіз болатынына кепілдік бермейді. Дегенмен Құқық иесі ақауларға жол бермеу үшін орынды шара қабылдайды**.**

5.13. Пайдаланушы өз мамандарының өкілеттігін және олардың Бағдарламалық жасақтамаға кіру құқығын, оның ішінде мамандарға өкілеттік беру, құпиясөз, сертификат, іске қосу құралдарын беру мәселелерін өз бетімен реттейді. Пайдаланушы құпиясөздердің сақталуын қадағалауға және Пайдаланушының жарамсыз ЭЦҚ сертификаттары мен сенімхаттарды уақытында қайтарып алуға толық жауап береді.

5.14. Пайдаланушы Құқық иесіне берген ақпараттың толықтығы және дұрыстығына толық жауап береді.

5.15. Еңсерілмейтін жағдай (форс-мажор) туындағанда, ол жағдай жойылғанша, Тараптар Шарттағы жауапкершілігінен босатылады. Еңсерілмейтін жағдайларға су тасқыны, өрт, жер сілкінісі, ереуілдер, соғыс қимылдары, мемлекеттік органдардың актілері мен әрекеттері және Тараптар алдын-ала болжай алмайтын немесе еңсере алмайтын басқа да жағдайлар жатады. Еңсерілмейтін жағдайға ұшыраған Тарап екінші Тарапқа бұл туралы бір апта ішінде кез келген байланыс тәсілімен хабарлауға міндетті.

**6. ШАРТТЫҢ ЖАРАМДЫҚ МЕРЗІМІ**

6.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасына және Шарт ережелеріне сәйкес Пайдаланушының Шартқа қосылу туралы өтінішіне (жазбаша немесе ЭЦҚ көмегімен) қол қойған немесе Шартқа басқа тәсілмен қосылған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өз міндеттерін толық орындағанға дейін жарамды болады.

6.2. Пайдаланушы Құқық иесінің Бағдарламалық жасақтамасының кез келген конфигурациясына арналған Лицензияны беру/ұзарту үшін төлем шотын төлеген жағдайда Шарттың жарамдық мерзімі автоматты түрде ұзарады.

6.3. Тараптардың әрқайсысы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Ол үшін бірінші Тарап екінші Тарапқа ол туралы шартты бұзу жоспарланған күнге кемінде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда міндетті түрде хабарлауға тиіс.

6.4. Шарт бұзылған жағдайда оның күші Тараптар өз міндеттерін толық орындағаннан кейін ғана жойылады. Бұл үшін Құқық иесі Пайдаланушының төлеген Лицензияларына қолдау көрсетіп, Тараптар толық есеп айырысуы қажет.

**7. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ**

7.1. Шартта қарастырылмаған барлық жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сүйенеді.

7.2. Шарт мазмұнынан туындайтын немесе оған байланысты барлық дау-таласты Тараптар тікелей келіссөз арқылы сотқа дейін реттеуге тиіс.

7.3. Егер Тараптар келісімге келе алмаса, ондай таластар Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес сот арқылы шешіледі.

**8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

8.1. Шарттың қосымшалары — оның ажырамас бөлігі.

8.2. Тараптардың реквизиттері немесе байланыс деректері өзгерген жағдайда, бірінші Тарап екінші Тарапқа өзгерістер туралы ыңғайлы тәсілмен: телефон, электрондық пошта, Сайт, Жеке кабинет арқылы немесе жазбаша түрде 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

8.3. Құқық иесі Шартты біржақты өзгертуге құқылы. Ол үшін Құқық иесі енгізілген өзгерістердің күшіне енуіне кемінде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда Сайтқа Шарттың жаңа редакциясын жүктеуі керек. Пайдаланушы Шарттың жаңа редакциясы Сайтқа жүктелген сәттен бастап Құқық иесі жасаған өзгерістер жөнінде ескертілді деп саналады. Егер Пайдаланушы Құқық иесінің өзгерістеріне келіспесе, онда өзгерістердің күшіне енетін күніне дейін Шартты бұзу туралы өтінім жіберіп, Шарттан бас тартуға құқылы. Егер аталған мерзім ішінде Құқық иесіне ондай өтінім түспесе, әрі Пайдаланушы Шарт талаптарын орындауға бағытталған әрекет етсе (қызмет ақысын төлесе, т.б.), бұл Пайдаланушының өзгертілген талаптарды сөзсіз қабылдап,

Шартқа толық қосылғанын білдіреді. Бұл жағдайда Шартқа қосылу туралы жаңа өтінімге қол қоюдың қажеті жоқ.

8.4. Шарт орыс тілінде және қазақ тілінде жасалып, Сайтта www.sector.kz/contract мекенжайында жарияланады.

**9. ҚҰҚЫҚ ИЕСІНІҢ РЕКВИЗИТТЕРІ**

«Sector Tree» ЖШС

Заңды және нақты мекенжайы:
050026, Алматы қ., Байзақов к-сі, 194, 500 кеңсе
Телефоны: +7 (727) 391 00 39
E-mail: sector@sector.kz
Сайты: www.sector.kz

БСН 041040007026

Е/Ш (IBAN) KZ138560000000101027
«Банк Центр Кредит» АҚ
Банктің БСК KCJBKZKX

Құқық иесінің Бағдарламалық жасақтамасына арналған Лицензияны (пайдалану құқығын) беру жөніндегі Тиіптік лицензия шартына 1 қосымша

ҮЛГІ

Құқық иесінің № [...] Бағдарламалық жасақтамасына арналған Лицензияны (пайдалану құқығын) беру жөніндегі Типтік лицензия шартына

**Қосылу туралы өтініш**

**Пайдаланушы туралы мәлімет:**

- БСН/ЖСН: [ұйым БСН/жеке тұлға немесе жеке кәсіпкерлік ЖСН]
- Атауы: [Ұйым/жеке кәсіпкерлік/толық аты-жөні]
- Заңды мекенжайы: [...]
- Нақты мекенжайы: [...]
- Төлем құжаттары туралы хабарландыру алатын электрондық мекенжай: [...]

**Есеп шоты реквизиттері:**

- БАНК: [...]
- БСК: [...]
- ЖСК: [...]

**Қол қоюшы туралы мәліметтер:**

- Аты-жөні: [қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты]
- Лауазымы: [қол қоюшының заңды тұлға атынан қол қойған кездегі лауазымы]
- Сүйенетін құжаты: [ЗТ немесе ЖТ атынан қол қойғанда негіз болатын құжат]
- Электрондық мекенжайы: [email]

Пайдаланушы атынан әрекет ететін қол қоюшы тұлға осы өтініш (бұдан әрі — Өтініш) арқылы «Sector Tree» ЖШС-мен (бұдан әрі — Құқық иесі) жасалатын Құқық иесінің Бағдарламалық жасақтамасына арналған Лицензияны (пайдалану құқығын) беру туралы Типтік лицензия шартына (бұдан әрі — Шарт) қосылады және Шарттағы барлық құқықтар мен міндеттерді қабылдайды.

Өтінішке қол қоя отырып, Пайдаланушы Шарт пен оның қосымшаларын, сондай-ақ Құқық иесінің қолданыстағы прейскурантын оқып, түсінгенін растайды. Сонымен қатар Шарт талаптарына, оның ішінде Пайдаланушы Лицензия мерзімін ұзартқан жағдайда Құқық иесі прейскурантты сол мерзімге өзгертуге құқылы екеніне келісіп, бұл талаптарды сөзсіз қабылдайды.

Осы Өтінішке сүйеніп, Пайдаланушыға Құқық иесінің жүйесінде [Шарт құрған күні] № [Шарт нөмірі] Шарт нөмірі беріледі.

- Пайдаланушы: [заңды тұлға/жеке кәсіпкерлік атауы немесе толық аты-жөні]
- Аты-жөні: [қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты]
- Лауазымы: [қол қоюшының заңды тұлға атынан қол қойған кездегі лауазымы]
- Қолтаңбасы: [электрондық қолтаңба немесе өзі қойған қол мөртаңбасына қажет]
- Мөртаңба орны
- Күні: [қол қойған күні]

Құқық иесінің Бағдарламалық жасақтамасына арналған Лицензияны (пайдалану құқығын) беру жөніндегі Типтік лицензия шартына 2 қосымша

ҮЛГІ

**Бағдарламалық жасақтама сатып алу туралы өтінім**

Пайдаланушы Құқық иесінің Бағдарламалық жасақтамасы мен қызметтеріне арналған Лицензияны (уақытша пайдалану құқығын) мына кестеге сәйкес сатып алады:

| **Бағдарлама, пакет, лицензия, қызмет атауы** | **Лицензия саны (жұмыс орны саны)** | **Жұмыс орындарының нөмірлері (Лицензиялардың мерзімін ұзартқан жағдайда қажет)** | **Прейскуранттағы бағасы** |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |

Бағдарламалық жасақтама конфигурацияларының сипаттамасы және қолданыстағы прейскурант Құқық иесінің сайтында жарияланады: www.sector.kz

- Пайдаланушы: [заңды тұлға/жеке кәсіпкерлік немесе толық аты-жөні]
- Аты-жөні: [қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты]
- Лауазымы: [қол қоюшының заңды тұлға атынан қол қойған кездегі лауазымы]
- Қолтаңбасы: [электрондық қолтаңба немесе өзі қойған қол мөртаңбасына қажет]
- Мөртаңба орны
- Күні: [қол қойған күні]